

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 683 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 26 қазандағы
№ 683 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Жедел тәртіппен жүргізілетін жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 наурыздағы № 428 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 17, 149-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 наурыздағы № 428 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 1338 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 5, 56-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 820 қаулысының 17-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 47, 643-құжат).